

72.3(2К)

К 41



Дүркін - Есінек
АРДА - Алең

Еснег
Журалы естеліктер


16

72. 312K
К 41

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

*Жыры – Ғылым,
ӨРД – Өлең*

*Евней Бекетов
туралы естеліктер*



Қарағанды
2001

Құрастырып баспаға дайындағандар
Қ.А.Бекетов, М.Қасен, Қ.Әбдіқалыков

562 536

Қыры — ғылым, өрі — өлең. Евней Бекетов туралы естеліктер. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001.
347 б.

ISBN 9965-590-06-0

Бұл кітапта аты айдай әлемге мәшіүр аса көрнекті ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, ірі қоғам қайраткері Евней Арыстанұлы Бекетов туралы естеліктер жинақталған. Олардың көпшілігін Евекенмен қызметтес болған ғалымдар, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлер, біразын ғалыммен кездескен, оның еткен еңбек, көрсеткен қызметтерінен әсер алған адамдар және туған інісі жазған. Естеліктер Евней Бекетовтың ғалымдық, шығармашылық, қоғамдық, ұйымдастырушылық еңбегін, зор таланттын, адамгершілік рухани келбетін, қасиеттерін жүртшылыққа терең түсінуге септігін тигізері сөзсіз.

ISBN 9965-590-06-0

© Е.А.Бекетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік
университеті, 2001

Ақад Е.А.Бекетов атындағы
(қарағанды мемлекеттік инженер университеті)
КІТ АГІХАНАСЫ,

АСЫЛ АҒА

Егер ағамның көзі тірісінде маған біреу кітап жазуға ұсыныс жасаса, мен оны жай айтыла салынған қалжың деп үғар едім де, «ол тек Евнейдің ғана қолынан келетін дүние» деumen құтылар едім. Ойы оралымды, қаламы қарымды аға тұрғанда бізге жазушылықпен айналысу жайлы ойлаудың өзі де пендешілік болар еді.

Ал енді қазір асқар Алатаудай ағамнан айырылғаннан бергі уақыт сапырылысқан кітап беттеріндегі зымырап жеткізер емес... Менің көз алдымға Қазақстанның солтүстігіндегі табиғаты қөркем ауылда өткен балғын балалық шақ сағымдай елестеп, тәтті түстей бұлдырап еске түседі...

Ауылда

Біздің ауылдың қыстағы Есіл өзенінің орташа ағысы тұсындағы оң қабаққа орналасқан болатын. Шағын-шагын үш бөліктен тұратын ауылдың Алыпқаш аталуы жат жүрттық жаулаушы жонғарлармен ұрыста ерлік көрсетіп, аты әйгіленген бабамызға қатысты болса керек.

Біз Евней екеуміз дәл ортасындағы ескі ағаш мешітіне орай «Мешітті» аталған ауылда туыппыз. Мешіттен арасына үш үй сала өтетін ауылдың жайдак қара жолы біздің үйдің оң жағында жалғасып, өзеннің ескі арнасын жағалай орналасқан «Үлкен ауылға» дейін созылып жататын. Осы жолға көлденең ағатын бұлак жылғасы мен үшін тұтас бір өзен секілді көрінетін. Екі ауыл да өздері жағалауына жайғасқан «Үлкен қара су» және «Кіші қара су» тоганды өзеннен су ішіп, малын суаратын. Үшінші ауыл жер астынан шапшып аққан су көзі бар төбешікте болатын, бұл «Бұлак басындағы ауыл» біздің үйдің терезесінен анық көрінетін.

Өзеннің қарсы бет жағалауында орналасқан орыс деревнясының сабанмен жабылған, акталған саман үйлері жинақтылығымен көзге тартып тұратын. Осы Коноваловка деревнясын үлкендер «Конобал» атап кеткен. Арғы беттен қыста мұзбен, жазда тастакты жермен өтіп қатынасушы сақал-мұртты мұжықтардан балалар қатты қорқып, тығызып қалушы еді. Оларды әкелеріміз

«тамыр» деп атайдын. Бергі жағалаудағы Двойники деревнясынан ерекше сыйлы, қадірленетін тамыр — Сары Иван жиі қатынасып тұратын. Дәл сол кезеңдерде аулы аралас, қойы қоралас қарым-қатынаста, өзара түсіністік пен сыйласуда біздің орыстармен достығымыздың негізі қаланып, бастау алды. Сары Иван әкемізді жерді өндептегенде үйретті. Біздің ата-анамыз дүниеге 14 сәби әкелген екен, олардан тірі қалғандары бесеу ғана. Балалардың алғашқыларының тұрақтанбауы 1923–1924 жылдарға дейінгі көшпелі тұрмысқа байланысты болса керек. Біздің ауылдар қысы-жазы көшіп-қонып жүргендеге жыл бойы киіз үйде тұрыпты. Қыстың бет қаратпас қақаған аязында киіз үйдің сыртын қармен жауып, ішке ошак қойып, сонымен жылышынан. Осындай баспананың ызығырық, сызы сәбілердің өкпесіне инедей қадалып, бірінен соң бірі шеттей беріпті. Құдайға сенуші ата-аналарымыз «Құдай өзі берді, өзі алды», «Құдайға да жақсы адам керек» деп өздерін алдарқатып, жан күйзелісін басуға тырысатын.

Өзімнен үлкен екі ағам туралы айтайдын. Тұмса туған ағам Зейнелғабиденнің азан шақырып қойған атынан сүйікті өжеміздің Зейкен деп елжірете атауы басым түсіп, көпшіліктің зердесінде жатталып қалды.

Екінші ағамның — болашақ академиктің балалық шағын еске түсірген кезде мен міндетті түрде Зейкенді еске алам. Өйткені бұл екеуі қалған төрт ағайындылардан бір шоқ бөлек тұратын, оларды ерекшелеген табиғаттың сыйы — таланттылық болатын.

Зейкен бес жасында кең тараған үлттық аспап — домбырада ойнап, жеті жасында Құранды еркін оқыды, осы кезеңде өзі де ән шығарып, халық әндері мен суырып салма өлеңдерді орындай бастады. Ұлының осы әуестігіне назар аударған әкеміз қолынан өнер тамған шеберлігі болғандықтан, оған бойына шақ домбыра жасап берді. Өзіне бейімделіп арнайы жасалған аспаппен Зейкен кез келген шертпелер мен әндерді асқан ептілікпен талантты орындағын. Арыстанның тұңғышы — Зейкенсіз тек ауылда ғана емес, маңайдағы елді мекендерде де ешбір тұсау кесер шілдехана және басқа да той-думандар өтпейтін болды. Сыбызыны да толық менгерген оны бозбалалар ауылдан ауылға ертіп әкетіп жүрді. Оның өмірі қамшының сабындағы қысқа болды, үш күн ауырып, тоғызға толмай басқа дүниеге сапар шекті. Өзінің ұзак ғұмырында әжеміз оны аузынан тастамай өтті. Көз жасын сыға отырып, әжеміз оған «көз тиген» деп отыратын. Қарт ананың санасында Зейкеннің мықтап бекіп қалғандығы соншалық, ол кімді шақырса

шақырса да әуелі оның атын атайдын да, екінші керек адамды шақыруды әдет етіп кетті.

Зейкен барлық туған-туысқандар мен ауылдастардың жадында өте дарынды, қабілетті бала ретінде қалып қойды. Ол жайлы туған қайғылы өлеңдер кейінге дейін көвшіліктің көзіне жас үйіртіп, қыршын жасқа деген сезім бұлтын торлатып жүрді.

Зейкеннің сазгершілік қабілетіне өзінің туған ортасы әсер еткен болуы керек. Әкеміз бен Маутай аға домбырада тәп-тәуір ойнап, өздері жасап алған сыйызғыда талай рет той-домалақта сыйлықтар алған екен. Қартайған шақтарына дейін домбырадан қол үзбеген олардың күміс дауысы естіген құлаққа жағымды, жұмсақ еді. Зейкенді білуші аға үрпақ өкілдерінің өмірден кетуі мен Ұлы Отан соғысының ұрыс даласынан қайтпаған көз көргендердің жоқтығынан көп жәйттер ұмытылып, ескіре тұсуде.

Зейкен қайтыс болардан бірнеше ай бұрын дүниеге келген ер баланы Евнабиден деп атады. Отбасының сүйіктісі үлкен ұлдың атына үйқас ат қою — қазактардың бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерінің бірі.

Арғы тегі арабтан шыққан Евнабиден атын еркелете Евней атау мәңгілік бекіп қалды. Зейкен қайтыс болғаннан кейін, Евней әжеміздің сүйікті баласы болып ерекшеленді, өз алдына бір тәбе деп есептелді. Мұның себебі мен туғанға дейін ол әкеміз бен оның екі бауырының ортасындағы жалғыз бала болғандығында еді. Осылайша бола тұра, ол ешқандай шолжандық танытпады, еркелігі ешкімді қынжытарлықтай бола қоймады. Оның жалғыз ғана әдеті — үлкендерден қалмай аттың алдына мінгесіп кетуі. Әжеміз бен ата-аналарымыздың айтуынша, ол ертерек тұра сала көзін сұртер-сұртпестен ат қораға жүгіреді екен. Егер бізben бірге тұратын Маутай ағаның аты жоқ болып шықса, көрші қорадағы басқа ағамыздың атын андитын болыпты. Оны орнында көрсе көнілі жайлапты, өзін тастап кетпеуі үшін сақтанып, даярланып отырады дейтін. Ыбырай ағаның Қарагер аты маңайына өз иесінен басқа жан жуытпайтын асau мінезді болатын. Жаздың шықыған ыстық күндерінің бірінде Қарагер ат масадан қашып, киіз үйдің жел жағына келіп тұра қалыпты. Оны көрген үш жасар Евней атқа жайлап келеді де, бауырының астынан өтіп, алдыңғы аяғын құшақтапты. Әжеміз болса қорыққаннан орнынан тұра алмай қалады, ал ол аттың аяқтарын кезек-кезек құшақтап суюін жалғастыра береді. Одан өрі жағдай тіпті қатерлі бола түсті, бала алдыңғы аяқтан артқыға ауысып, ортасына келіп тұрады. Бірақ

осы кезде ат жайлап орнынан қозғалыш кетеді, ал Евней одан қалыш қоймау үшін өуелі артқы аяқты, содан кейін қыл құйрықтан шап беріп жармасады. Ат кетіп қалған кезде құлап түскен ол жан даусымен шыңғырып жібереді, әжесі де есін жинап оған жүгіріп барып көтеріп, баланың амандығына көзін жеткізеді. Бұл оқиға кейіннен әжеміздің өз құрбылары мен қонақтарына айтып жүретін сүйікті тақырыбына айналды, ал Карагер бұрынғыдай асау, қиянқы мінезін өзгертпесе де біздің отбасының жансүйер жануарына айналды.

Әжеміз тоқсаннан аса жасағанымен, жесірліктің тауқыметін көп көріпті. Ерте қайтқан атамыз артында алты бала қалдырғанымен, оның тіршілік еткені төртеу: үш ер бала мен бір қыз. Евней әжеміздің, ата-анамыздың, барлық ет жақын ағайын-туыстардың сүйкімді баласы болды, ол мұны ерте байқалған ақыл-кеменгерлігі мен таланттының арқасында иемденді. Менің балалық шағымда мені ешкім де дәл осылайша сүймейтіндігіне көніл құлазып қалатын. Кейде қызғаншақтықтың салдарынан мен өмірге бекер келген екенмін, мүмкін мен бөтен асыранды бала шығармын деген ойлар да қылаң беретін. Есейе келе, кейіннен менің де өз орным барлығына, мені де басқалардың шексіз сүйетіндігіне еш шұбә келтірмедім.

Евней бала күнінен шаруаның ебін тапқыш болды, өз құрбы-құрдастарымен бірлесе әртүрлі ойындарды ойлап табатын және оның үйымдастырушысы, әрі бастамашысы бола білетін. Бұл жайлы кездескен кезде көзі тірі Уайыс, Қабен, Қабдуссалам және басқа да ауылдас достары еске алады. Олар 5–6 жас шамасына жеткен кезде ауылға кісі емдеу үшін шақырумен Айкен атты бақсы-тәуіп келіпті. Ауылдан жырақтау жерге ең жақсы киіз үйді орнатқызыған бақсы оған ауруды кіргізіп алады да, көмекшілерімен бірге емдеуді бастайды. Үлкендермен ілесе мен де осы маңайды айналышқтап, осы процесті көруге тырыстым. Кейіннен теледидардан қазіргі замандық эстрада концертін көрген кезде көз алдыма сол бақсының әлгі ойыны тұра қалады. Ол қырылдаған даусымен әндегіп, ауруға қонған бәлекет рухтарды күа бастады, осылайша ете ұзак әр сарынды дұғалық сөзбен ауруды қинаудан босатуға өрекет жасады. Менің есте сақтағаным — әртүрлі жылан, жыртқыш күстар мен андардың атаулары. Меніңше, бақсы ауру денесіне жабысқан қара пәле-жала, рухты әртүрлі бейнедегі жыртқыштар түрінде деп анықтап, оларды денеден бөлініп шығуға шақырды, тілімен жаланған балтаны отқа қыздырып, со-

нымен барлық жаманшылдықты шауып тастауға бекінді. От киіз үйдің дәл ортасында лаулата жағылды. Қазіргі балаларға түсінікті болуы үшін мына ұқсастықты көрсетейін: бақсы қолындағы балта сахнада ортекеше орғып секіріп, жалақ-жұлақ еткен эстрада артисінің қолындағы микрофонша ауада жұлқа сермелеп жатты.

Бақсының әрбір іс-әрекетін киіз үйдің жыртығынан қарап, мұқият зерделеген Евней ол кетісімен өз құрдастарын жинап алыш, барлығын қайталап шықты. Оның қатты өуестене ойнағандығы соншалықты, бізді көзінің қырынан шығармайтын әжеміз бен ата-анамыз «баламыз бақсы болып кеткен жоқ па» деп, оны өзер дегенде осы қауіпті ойыннан айырып алды.

Арада талай жылдар өтті, өулетіміз қоныс еткен, жүрекке бауыр еттей жақын, бір кездерде тіршілігі сапырылсып, қайнап жатқан өнірде ешқандай тұрғын ауылдың жоқтығына сену өте қыын: «Үлкен ауыл» орнында қолдан жасалған теңіздей — Сергеев су қоймасының толқыны шашып жатса, «Бұлақ басындағы ауыл» арқылы Көкшетау өніріне су тасымалдайтын жер асты трассасы өтеді. Тек «Мешітті» аулының орнындағы төбешіктегі ру бейітінің қорымы ғана бұл жерде бір кездерде адамдардың тұрғанына куә бола алады...

Орал өнірінде

1930 жыл. Жаздың екінші жартысындағы апта, тымық күн. Аспан кіршіксіз таза, көгілдір түсті. Осындағы күндердің бірінде біздің үй ішіміз аяқ астынан асығыс жүктөрін жинап буып, көшуге қам жасады. Қоптасуға жекелеген және топ-тобымен келген ауылдастар мен ағайындар дауыс көтермей жылап-сықтап, бірденелер айтып жатты. Келесі күні шыққан бойда даярланған үй заттарын әкеміз аттық арбаға тиеп, оның бетін бәріміздің отыруымызға ынғайлы етіп тегістеді. Оның жиектеріне Евней екеуміз құлап кетпеу үшін оралған төсектерді, қыскы киімдерді матап байлады. Сол жылды қыста туған інім Мараттың бесігін анамыз төсімен емізе алатындағы орынға бекітіп, жайғастырды. Сол жылды Евней алтыда, мен үште, Марат бес айлық болатын.

Жиналған жұрт тек туған ауылымыздан ғана емес, төніректегі елді мекендерден де келген екен. Бізді қолына алыш, өбіп, ата-анамызға ақ жол тілеп, қош айтысқан әйелдер сыңсып жыласа, еркектер орамалдарының шетімен көздерін үнсіз сүртіп тұрды. Мен

сөл кезде барлығын түсінбекеніммен, осы алғашқы қоштасу сөті өмірлік есте калды. Жал-құйрығы төгіліп тұрған биеге жегілген арба орнынан қозғалды. Сол жаққа жетекке қара-сұр теңбілді Сардөнен аталып кеткен Евнейдің дөнені, ал он жаққа құлын байланған болатын. Ауылдың ер адамдары мен жас өспірім балалары атпен біраз жерге дейін еріп отырды, ал олардың алдарына Евнейдің құрдас-достары мінгесіп алыпты. Ауылдан ұзап шыққаннан кейін бізben ере шыққандар тоқтап, қайта қоштасты, содан біз көжиеқтеп көрінбей кеткенше артымыздан ұзак қарап тұрды.

Біз жүрген жолдың бойында әдейі әртүсті тастандардан қаланған вертикаль қабырғаға ұқсас биік жартастар болды. Көрші Коноваловка ауылдының он жағымен өткен жол бізді бір шағын ауылға алып келді. Тұрғындары салқын амандақсан бұл ауылға тоқтамай өте шықтық. Ауылдан ілесе шыққан аттылар бізді Есіл өзенінің саяз тасты өткеліне дейін шығарып салды. Арғы бетке өткенімізге сенімді болған олар бізді көзben ұзатты. Кеш түсे орман ішіндегі төбешікке орналасқан ауылға жетіп жығылдық. Он жағында түбінде бұлак ағып жатқан терең жырамен, сол жағында қалың қайың жынысты орманмен шектелген бұл ауыл ТОЗ (жерді бірлесе өндіу серіктестігі) деп аталатын шаруашылық екен. Кейіннен «Бағанаты» атты колхозға негіз болған осы ауыл біздің биографиямызда туған жеріміз болып тіркелді. Уақытша әкеміздің жақсы танысының жертөлесіне жайғасып, бірнеше күннен соң шағын киіз үйімізді тігіп алдық. Біз ауыл балаларымен таныстық, Евней оларды жылдам менгеріп, ойынды өзі үйымдастыратын болды. Әкеміз етік тікті, жол жүріп басқа кәсіптермен де айналысты, шешемізге үй-ішінің тірлігі, балаларды бағып-қағу жетіп артылды. Біз өзенге барып, жағалауында асыр сала жүгірдік, су шашысып ойнадық, көніліміз көтерілді. Бірақ әкеміз қысқа даярлық жасамады, Сардөненді ерттеп ағып шешеміздің туыстарына екі рет барып қайтты, құрт, ірімшік, тәтті тағамдардан базарлық әкелді. Нағашылардың амандағын, жаңалықтарын шешемізге, Евнейсіз тұра алмайтын болғандықтан, кейін артымыздан келіп қосылған әжемізге айтып берді. Ағаш жапырактары түсіп, қара суық басталған күздің бір күнінде нағашы атамыз Төлеміс ұлы Тайжанмен бірге атқа жегілген арбамен келіп қонды. Келесі күні таңертең барлық жүктерімізді екі арбаға тең тиеп, жол жүріп кеттік. Үйренісіп кеткен ауылдастармен тағы да қимай қоштасуға тұра келді. Бізді шешеміздің туыстары ақжарқын пейілмен қарсы

алды, кең жергөлөгө атамызбен бірге орналастық, әжемізді кенже ұлы — Маутай аға өзімен ала кетті.

Көктем сала өкем Евнейдің Сардөненін сатты. Ол оған өте ұзак жылады, сүйікті аттан айырылу ауыр тиді. Өсіп қалған құлынның бір-ақ күнде жоғалып кетуі мен ойыншықтай кішкентай құлынның пайда болуы қоса қабат келді де, балалар мұндай өзгеріске бәлендей ренжи қоймады.

Жаз шыға 1931 жылдың біз тағы да сол арбамен ең керекті деген, бұрынғыдан анағұрлым аздау жүк артып, белгісіз бағытта жүріп кеттік. Әкей арбаға жартылай брезентпен жабылған шалаң орнатты. Бұл жолы арбаға жегілген биеге кішкентай құлын ғана жетекке алынды. Осы жаққа былтыр ала келген бұзаулы сиырдың қайда жоқ болып кеткенін біз біле алмадық. Балалар арбадан түскен жоқпыш, өкеміз көп жерді жаяу жүріп отырды, тек анда-санда аяқ суытуға ғана мінгесті. Бізбен бірге Көшімбай атамыздың органды ұлы, өкеміздің немере бауыры Ысқақ жүріп отырды. Неше күн, неше түн жүріп, қайдан, қалай қарай жүргеніміз есімде жоқ. Жадымда сақталғаны Преснау (Пресновка), Петекау (Петухово), Макоши (Макушино), Мокрасвай (Мокроусово) сияқты жер аттары. Ат басын қалың ну қарағайлы тоғай ішіндегі Малкзак — Малый Кизак деревнясына тіредік. Неліктен мұнда келгенімізді өкеміз түсіндірген жоқ. Жол үстінде, орыс елді мекендердің жанынан өткен кездерде, үлкенді-кішілі танданыса қараған жандардың белгісіз ұлттың жалғыз жанұясының көшіп бара жатқанын көруі шынында да жабайы көрінген болуы керек, көпшілік жерлерде үн-түнсіз қараумен болды. Кейбір селоларда ғана қарт адамдар өкемізбен сөйлесіп, қолда барымен көмектесіп қалуға тырысты. Шағын ыдыспен сұт, қаймағын, наны мен картошкасын, бізге таныс емес қызыл, көк жемістерін әкеліп беріп жатты. Ысқақ ағамыз оларды бір шетінен тәбеті ашыла мақтап, дәмін айта отырып жеп отырды, ал шешеміз болса қайнатылмаған шөпте дәмнің болмағандығын айтЫП, өзінше бүркүлдап сөйлеп әбігер болды. Әкем ылғи ойға шомып, үнсіз отыратын. Мен үшін бұл сапар өте ұзак болып көрінді, мүмкін бұл шаршағандықтан болса керек.

Есте қалған тағы бір жәйтті айта кетейін. Әкеміз арбада отырған бізге жолға жіті көз тіге қарауымызды өтінді, жолымызды көлденең кесіп қаңдай аң өтеді, егер өтсе қай бағытта жүгірді, соны ұмытпауымызды тапсырды. Күн еңкейіп батуға таялғанда Евней саусағымен жолды оннан солға қарай кесіп қоян өтіп бара жатқанын көрсетіп, айқайласп жіберді. Әкеміз Евней нұсқаған

бағытты қолымен көзін көлгейлеп қарады, шынында да қандай да бір аң секіріп өтіп барады екен. Айқын дәл солай екендігін анықтағаннан кейін әкем терен күрсініп, «Құдайға шүкір жолымыз болады екен» деді. Ер адамдардың киімді түймелеге сәйкес, ондан солға қарай жыртқыш емес аң жол кессе, сапар оң болады деп есептейтін, ал егер керісінше болса, іс нәтижесіз болғаны. Кейіннен заман түзеліп, отанымызға аман-сау оралғаннан соң әкеміз осы жағдайды болжағыштығым дұрыс болды деп анда-санда еске алып отыратын. Ондай әңгіме көбінесе қатарлас құрбылары мен ескі достарымен кездескенде ерекше тақырыпқа өзек болатын.

Отбасымыздың туған ауылмен үдерे көшү себебіне ой жүгірте отырып, кейде әкемнің шынында да көріпкелділігі бар ма деп қалам. Ол өзінің ырымдары арқылы таялыш келе жатқан нәубатты — аштықты, 1931–1932 жылдардағы жаппай қырғынды сезген сияқты. Отбасын таяуда болу керек ажал құрығынан сақтап қалу үшін арал өңіріне ертерек қозғалған. Қарапайым орыс халқының бізді қолдайтындығына сенген оның қателеспегенін өмір көрсетіп берді.

Малый Кизак деревнясы есть жақсы сақталды. Мектеп өзен артында болатын. Деревняда әк жағылған құрылыш үйі болмаған. Барлығы да қатты бөренеден жонылып, қиуын келтіре тұрғызылған үйлер. Бізді паналатқан орыс мұжығы Иван ағай қою қара сақалды, ұзын бүйдаланған шашты, шымыр кесек денелі адам еді. Қазақтар қара Иван атап кеткен оның ұлы мен қызы бар екенін білем. Оның жұбайы ақ құба өнді, сарғыш шашты, ақшыл тұсті киініп жүретін, ұқыпты жан болды. Ол біздерге, балаларға мейірімділік танытып, ұната қарайтын. Эртүрлі тағамдардан беріп, өз балаларымен бірге ойнауға рұқсат беретін, олардың ойыншықтарын пайдалануға ұсынатын. Біз олардың ауласының ішіндегі баспанада тұрдық. Үй иесінің тұрғын жайы қарағай бөренеден биік етіп салынған, есігі бүйір тұста, біrnеше сатымен көтеріліп барып енетіндей биік болды. Бұл үйдің балаларымен ойнап жүріп, ұқыпты жиналған біrnеше бөлменің ішін көруге мүмкіндік туды. Барлық бөлмелердің бұрышында, үлкен бөлмедегі екі терезенің ортасында үлкен, алтынмен апталған сурет-икондар тұрғанын білемін. Әкемнен сұрағанымда, ол оны «орыстың құдайы» деп түсіндірді. Оған құлшылық жасаған орыстардың барлық тілегі орындалады, ал мұсылманға жалбарынуға болмайды. Осылайша, ол бізді құлшылық жасаудан аластатқан болды. Осылайша, қара-

мастан мен кейде балалармен бірге шоқынып жүрдім, бұл ісіме үй иесі әрине қуанатын.

Қысқа қарай бізді кіре берістегі бір бөлмені беріп, үйге енгізді. Менің міндетім бесік тербетіп, бала бағу болды, кейде аулаға ойнауға шығам, көшөні биік тақтайлы қоршау мен қақпаның саңылауынан сығалап көретін едім.

Мектепке барған Евнейді әкем мен шешем кезектесе апарып, әкеліп жүрді. Кейіннен жалғыз барып жүрген күндердің бірінде ол үсті-басы қар, жылап оралды. Оқиға былай болған еken: жазда мектепке көпір арқылы айналып бару керек болса, қыста мұз үстімен тұра тарту үшін тік жарқабаққа көтеріліп міну керек болатын. Біrnеше тентек балалар Евнейді андып, ол жиекке енді жете берем дегендеге итеріп қалып, төмен қарай домалата сырғытып жіберіпті. Ол қайтадан неше рет жоғары қарай бетінен қайтпай үмтүлғанымен, оны сонша рет құлата беріпті. Ақырында, кездескі бір ересек адам мұны өтіп бара жатып байқап қалады да, оларды қорқытып, күшпін жібереді. Ал Евней терлеп-тепшіп, күшкуаттан ада күйде үйге өзер жеткен. Бұл оқиға қыстың күндері тағы да қайталанды. Ауыл балалары тегі бөлекті мазақ еткен осы жолы оның сүйікті мұғалімі үстінен түсіп, балаларды үй-үйлеріне күшпін, оның көтерілуіне көмектесіп, қолынан жетелеп, үйге әкеліп салды. Кейін ол кісі жиі келіп тұрды, кейде бөлмеге кіріп менімен де сойлесетін, бірақ мен ештеңе түсінбеуші едім. Шешеміз мұғалім деп аса құрметтеген бұл адам Евнейге үй тапсырмасын орындауға жәрдемдесіп тұрушы еді, оны кейін Евней біrnеше рет еске алып жүрді. Евней автобиографиялық «Алты хат» повесінде өзінің алғашқы үстазы жайлы жылы пікірін білдіргенін білеміз, оған қосымша оның жақын досы, жазушы Жайық Бектұровтың да жазғаны бар:

«... Е.А.Бекетов екеуміз 1981 жылы жолымыз түсіп, Қорған облысының Мокроусов ауданында болдық. Аудан орталығына жетпей жолда Макушино темір жол станциясына тоқтауға тұра келді. Онда әлі күнге дейін қазақтар көп қоныстанған. Олармен әңгімелесе отырып, бұл өңірде Малказак өзенінің жоқтығына, ал Кизак және Кайнак өзендері өз кезегінде екі сағаға бөлініп кетіп, біреуі Малый Кизак аталатындығына көз жеткіздік. Малказактың құпиясы осылайша ашылды.

... Мокроусовда Евней бір кездерде өзі оқыған мектептің орнын жаңылмай тапты. Үй, әрине, баяғыда сырылыш тасталынған,

ол жерге ағаш отырғызылған екен. Ал одан төменде Евнейгө терең болып көрінетін кішкентай арық жылғамен ағып жатыр».

Менің есімде бұл өзен сарқыраған тау өзеніндегі болыш қалды. Бұл жерде нақтылай кететін бір дерек бар: әңгімеге арқау болған алғашқы мектеп ағып жатқан өзенмен аталған Малый Кизакта болған, ал деревня аудан орталығынан бірнеше шақырым қашықтықта орналасқан, үйлер жуан қарағай ағаштардың ортасында болатын.

Жолсапардан оралғанда Евней бір кездерде үлкен деревня тұрған жерде бірнеше қисайған үйлер қалғанын айтты, ондағы қартаң жастағы кісілер бұл өңірді аш-жалаңаш адамдар басып кеткен сонау отызынышы жылдардың оқиғасын білмейтін болып шықты.

Евней хат танды бастаған сол орыс мектебінде бірде Августина, бірде Августа Устиновна деп атайдын оның сүйікті мұғалімі болған. Ол кісі сонымен бірге ата-анамыздың да орысша сауат ашуына көмектесті.

Бір жолы әкей Лебяжье станциясында картошка сатып алғып тұрып, милиционердің назарына ілігеді. Бөтен қазақтың алыпсатарлыққа қатысы бар шығар деген күдікпен атынан айрып, өзін тұрмеге жауып қояды. Осы туралы Евней арқылы білген оның мұғалімі станцияға дейін жаяу жүріп келіп, күнәсіз адамды босатуға, оның аты мен сатып алған дүниесін қайтаруға көмектеседі. Осындай жан-дүниенде тербетер мұғалім іс-әрекеті кішкентай Евнейдің жүргегінде мәңгі қалып қойды.

Ж.Бектұров әңгімесін белгілі:

«... Аудан орталығына қайтып оралғаннан кейін мен Е.А.Бекетовты өлкелік мұражайға баруға көндірдім. Кең жарық бөлмелердегі экспонаттар тақырып бойынша орналасыпты. Сол жердегі суреттердің ішінен Евней Арыстанұлы өзінің сүйікті ұстазын бірден таныды. Саяхат жүргізуіден көп мәселені сұрап білдік.

Бұл әйелдің қыз кезіндегі тегі Каминская, аты-жөні — Августа Иустиновна, 16 жасында әйелдер гимназиясын үлкен алтын медальмен бітірген көрінеді. Оның бір ұлы Борис Федорович Тарасов, 1912 жылды туған, Ұлы Отан соғысына қатысушы, ветеринарлық қызметтің подполковнигі, Башқұртстандағы Белорецк қаласында тұратын болып шықты. Қарағандыға оралғаннан кейін Бекетов оған хат жазып, толық мазмұнды жауап алды. Өкінішке орай, Е.Бекетов пен Б.Тарасовқа кездесу бұйырмапты, екеуі де шамамен бір мезгілде дүниеден қайтты.

А.И.Каминская бұрынғы Тобыл губерниясына қарасты Ялугоровск қаласында туыпты. Әкесінің үлтты поляк, 1863–1864 жылдардағы поляк оқиғаларына белсенді араласқаны үшін, көтеріліс аяусыз басылғаннан кейін, патша өкіметінің бүйрығымен Ялугоровск қаласына — төңкерілішпелердің жер аударылатын жеріне айдалып келген екен.

А.И.Тарасованың суретінің жанында қатарласа ілініп тұрған (Августа Иустиновна Федор Тарасов деген жұмыскерге тұрмысқа шыққан) суреттегі оның үлкен ұлы Герман Федорович Тарасов екен. Неміс басқыншыларына қарсы шайқаста ерлікпен қаза тапқан, Кеңес Одағының батыры атағы беріліпті. Дүниеге 1906 жылы келген ол 1934 жылы Фрунзе атындағы әскери академияны тамамдағаннан соң, Забайкальск әскери округының штаб бастығы қызметін атқарған».

«А.И.Тарасованың қызы Агния Федоровна қазір Екатеринбург облысындағы Туринск қаласында тұрады. Августа Иустиновна гимназияны бітіре салыссымен Мокроусовоға келіп, 1935 жылға дейін 40 жыл бойы бір орында тапжылмай үздіксіз мұғалімдік қызмет атқарған. Ол 1936 жылы желтоқсанда Башқұртстандағы Аргаяш поселкасында 57 жасында дүниеден қайтты. Оның барлық бес баласы да өз шешелерінің қарамағында, кейіннен біздің Евней Арыстанұлы оқыған мектептен білім алған.

Августа Иустиновна өмірі қын да қызғылықты жарқын оқиғаларға толы болған. Олардың ең бастысы — оның өзі куәсі болған Оралдағы Кеңес үкіметінің орнауы мен бекітілуі. Қарағайым орыс мұғалимасының алыстағы Мокроусовода елсізжерсіз жүрген қазақ көшпендеріне мұсіркей қарап, олардың қайғы-қасіретін бөлісе жақын тартуы осыдан болса керек.

Өмірдің қырлы соқпағында жүрген адамның тұлға болып қалыптасуына кейде тіпті кездейсоқ кез болған адамдардың да ерекше маңызды болатындығын айтЫП, дәлелдеудің де қажеттігі бола коймайды. Орыс мұғалимасы Августа Иустиновна қазақтың қара домалақ баласының жүрегінде өшпес із қалдырып, мәңгілік есте қалды...»

Евней орысша оқып, жаза бастаған тұста маған ол кенеттеген есейіп кеткен сияқты болып көрінді, мен оған бұрынғыдан да үлкен құрметпен қарайтын болдым. Ол менен үш жас қана үлкен болса да, мен оның үлкендігін мойындаپ, Бапа деп атай бастадым. Бұл құрметті ат оның өмірінің сонына дейін бекіп қалды, барлық

інілер, қарындастар мен бала-шаға түгелімен осылайша атайдын болып кетті.

Алда келе жатқан аштық пен жалаңаштықты басқалардан тұтас бір жылдай ерте сезген біздің отбасымыз орыс қоныстарына терендең бойлап кеткендіктен, емін-еркін тіл қатысадан, түсінісу мүмкіндігінен айырылып қалды (әкеміз орыс тілін шамалы ғана білген болса, шешеміз ешқандай да сөзді түсінбеуші еді). Бірақ бұл қыындық ұзаққа созыла қоймады, бірнеше айдың ішінде Евней «орыстанып» шыға келді, орыс тілін қазақшадан еркін игеріп алды. Ол отбасының тілмашына айналды.

Елде қалған ағайын-туғандар мен жерлестер алыс орыс жеріндегі Арыстанның жағдайының жаман еместігін біле салысымен, 1932 жылдың жазынан Малқизакқа көшіп келе бастиады. Қоныс аударып жатқандардан біз жаман хабар естідік: елде аштықтан халық қырыла бастаған. Жол бойы толған күш-қуаты кеткен, азып-тозған тобыр. Тұыстар мен ауылдастардың біразы жолда қалды, женіл-желпі жабыла салынған, көмілмей қалғаны қаншама. Оларды арулап қоюға ешкімде күш қалмаған. Тіршілігі барлар жан сауғалайтын жерге асықты. Орыс жеріне іліккендер көпшілігі тірі қалды, оларға қолдау көрсетіліп, көмек берілді.

1932 жылдың қар әлі түсіп кетпеген ерте көктемінде әкеміз елге барып қайтуды үйғарды. Шанаға ретпен, ұқыпты түрде үн, ет, жарма сияқты азық-тұлікті тиеп алды да жүріп кетті. Үй ішіндегі шешеміз бен орыс таныстарымыз бұл сапарға қатты аландаушылық танытты, дегенмен мұнымыз бекершілік екен, бірнеше күннен кейін ол аман-есен оралды және жалғыз емес, ең кіші інісі Маутай ағаны отбасымен, біздің жанымыздай жақсы көретін әжемізді ала келіпті. Біз Евней екеуміз қатты қуандық. Әжеміздің, Маутай ағаның бізben қатарлас ұлы Саматтың келуімен өрісіміз кеңіп, көңіліміз жайлана түсті. Кейіннен әкеміздің айтуынша, ол тоқтамай жүріп отырған екен, әсіресе аштық жайлаған Қазақстанның жеріне аяқ басқаннан қаруын үнемі даяр ұстап, суыт жүріске көшкен. Жаз ортасына қарай екінші қөкеміз — Ұбырай аға да отбасымен бізге келіп қосылды, оларды аштықтан құтқарған әкем апарған тамақтар екен, олар оны жат көзден тығып, аз-аздан үнемдеп, талғау жасаған. Бұл кезде біз үлкен сарайға жайғасып алдық, оны әкем орыстардың көмегімен жөндеп, ағаштан еден төсеніш істеп салған. Сарай өте кең болғандықтан, оны бөлуге тура келді, үш ағайындының отбасылары бәрі осында сыйысып кеттік. Қалған бір бөлігі елден келген ауылдастар тұратын

уақытша мекен-жайға айналды, олар күн өткен сайын көбейе түсті.

Кейіннен келушілерді шешеміз және өжеміз бен оның басқа екі келіні қабылдаپ, тамақ істеп беруге әзер үлгеріп жататын. Тобымен келген адамдар ес жинап алғаннан кейін әрқайсысы жөнін тауып тарап, құмға сіңген судай зым-зия жоғалатын. Сол кезеңдерде, әсіресе күз бен қыста, кездесісік оқиғаларға да тап болған кездеріміз бар. Ақжарқын, құшақ жая қарсы алуларға қарамастан аш көзденген халық пендешілік жасамай тұра алмады, азық-түлік, мал басына үрлых жасалды деген қауесет тарады, ұрыс-төбелес, те болды, аяғы кісі өліміне де апарған бұл түсінбеушілік 1933 жылдың жазына қарай бәсенсіді. Қазақстаннан келуге мүмкіндігі барлардың бәрі келіп болды, жағдайы жеткендер бізді асып, солтүстікке қарай беттеп өтіп, Оралдың өндіріс орталықтарына жетіп жығылды. Олардың қатарында болған біздің ағайындардың біршамасы күнкөріс іздей жүріп, Челябинск, Златоуст, Ирбит, Томск сияқты қалаларды жағалап кетті. Тағдыр тәлкегімен босып барған жерлерін жерсініп кеткендер де баршылық. Қазір ол жерлерде тұрып жатқан олардың үрпактары көпшілікке сіңсіп кетті. Осындағы аумалы-төкпелі заманда біздің Үсқақ көкеміз із-түzsіз жоғалды. Оның отбасы жоқ болатын, ол жәйлі әртүрлі хабар естіп жататынбыз. Онымен қоса әкеміздің жиені де хабар-ошарсыз кетті.

Жаздың ақырына дейін осы сарайды мекендерген біздер қысқа салым Маутай ағаның отбасымен бірге Иван ағайдың үйіне жақын маңайдағы жалғыз қызымен тұратын жесір әйелдің бес қабырғалы үйіне кірдік. Ұбырай аға да отбасымен деревняның басқа шетіндегі үйдің біріне қоңсы қонды, оның екі баласы болды: мен қатарлы ұлы Жамбайды, біздің Марат қатарлы қызын білетінмін.

Евней екінші сыныпқа көшті. Сол өнірді мекендерген қазақ балалардан мектепке одан басқа ешкім бармайтын. Бұл әкеміздің орасан зор еңбегі екеніне дау жоқ. Евнейді оқытудан ол ештеңесін де аямады.

Қаһарлы қысты да шығарып салдық. Қыс бойы үйден кісі үзілген жоқ, әкемізден топ-тобымен келгендер ақыл-кеңес алатын, кейде олар өзара бірдеңелерді талқылап жататын. Айтатындары ылғи «үрлап кетті», «алдап алды», кім кімді алдағанын, кімнен кім үрлады, әрине, мен білген емеспін, ешқайсысы жадымда қалмаған.

Осы қыста менің кіші інім Мараттың бақытсыздығына тап болдық. Үйде үлкендердің жоқтығын пайдаланған біз, үш бала

(бізбен бірге Нығметжан көкемнің менен бір жас үлкен қызы Биғайша болған) қуыспақ ойнадық. Марат кіре берістегі етікке сүрініп кетіп, мандайымен есіктің табалдырығына құлап түсті. Мандайы көгеріп, ісіп шыға келді, Марат жылай қоймаған соң үлкендер оған онша мән бере қоймады. Бірақ ісік кете қоймады, көктемге қарай ол үлкен жараға айналды, одан соң іріндеді. Дала жылыған кезде Мараттың ауруы меңдеп, үш жасында дүние салды. Оны деревня сыртындағы, орман ішіндегі шағын аланқайға, төбешіктегі жалғыз мұсылман тамның қатарына жерледі.

Жаз шығысымен осы өлкедегі барлық қазақтар біздің үйге жиналды, ұзакты күн бірдеңені талқылады. Олардың ішінде әкеміздің жақын досы Кошан көке де бар болатын. Оның сол өлкеде туған ұлы Аманжол Кошанов кейіннен экономика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан ҰҒА-ның академигі болды. Келушілердің барлығы әкемді үлкен ұлы Евнейдің мектепті табысты аяқтаудың құттықтады, оған одан өрі табысқа жетуіне, денсаулық пен зор байлыққа тілекtestіk білдірді. Содан кейін барлығы жиналып бір жаққа кетіп, қайтып оралғаннан кейін тағы да мәжіліс құрды, дәстүрлі шай ішіп тарасты. Әңгіменің ұзын ырғасынан білгенім — жазды қалай өткізу, жайлау ұйымдастыру.

Екі-үш күн өткеннен кейін әкем биені жегіп, шешеміз екеуі жолға жиналды. Мен бақырып жабыса кеттім, мені олар аяған болуы керек, өздерімен ала кетті. Біз ұзак жүрген жоқпыз, орманды өте шығып, әдемі деревняға келіп кірдік, есік-терезесі сырланған ақ түсті үйлер қатарласа тізіліп тұр. Әкем бізді таныс орыс тамырының үйіне қалдырып, ұзак уақыт келмей қойды. Менің қарным ашты. Мен өз аулымдағы әдетті мұнда істей алмадым, онда қай үйге барсам да маған тамақ беретін. Шешем мені тыныштандыруға әрекет жасап, бұл ауылда ешкімнің үйінде тамақтың болмайтындығын түсіндірді, «Коммуна» аталатын бұл жерде елдің бәрі бір жерден тамақ іshedі, барлығының дүниесі ортақ болатындығын айтты. «Асхана», «Коммуна» деген маған түсініксіз дүние еді. Менің ойымша, Коммуна аталатын деревняда тұратын халықта ештеңе жок және олардың барлығы аш жүреді. Мен мұны кейіннен құрбыларыма айтып, түсіндіріп жүрдім. Үйге астық пен жарманы қабымен алғып қайттық.

Әкем өзімен бірге туған ағайындармен таңертең ерте жұмысқа кетіп, ел жата кеш келіп жүрді. Евней мен мені шешем, көбіне әжем Марат жерленген бейітке апарып тұрды. Олар бізді өздерімен қоса шөпті жерге жайғастырғаннан кейін құран

окуларын бастайтын. Біз де алақан жайып, бірмезгілде «Аллакбар» айтып, бет сипайтын болдық. Жаз шықкан соң, қабірге қоршау тұрғызылды, бұл кезде оның маңайына ондаған адам жерленіп те үлгеріпті. Соңғы рет отбасымыз түгелдей қабір басына барғанымызда әкеміздің достары — орыстардың да бейтінде болдық, Августа Иустиновнаға да кіріп шықтық. Ата-аналарымыз олармен қимай қоштасты. Шаруалар көп тамактарын алып шығып арбаға сыйдыра, реттеп салып берді. Осылайша, бізді қын күнде паналатқан ауылдан қош айтысып шықтық та, бірнеше шақырым жүріп өтіп, өз еліміздегідей киіз үйлі ауылға келіп жеттік. Жақын-
далап келсек, барлығы да күрке екен, ешкім елден жан сауғалап шыққанда киіз үйлерін ала кетуге мүмкіндіктегі болмаған. Көк-
темде үйге келіп кеткен жерлестер осы жерде жаз бойы отырып шығуға үйғарыпты. Киіз үйге үқсас күркелердің біреуі біздікі бо-
льш шықты, әкем оны алдын ала құрып кеткен екен. Оның құрылышы қарапайым болатын: алты бұрыш құрай жерге қазып орнатылған алты бағанның жоғарғы ұштарына бекітілген баспаққа жіңішке тал шыбықтар көлбеулете байланыпты. Талды жарты шар жасай иіп төбеге бекітіпти. Осылардың сыртынан сабанды ұқыпты түрде жауып шыққан. Төбеге қи сияқты ойылған шым кесектерді жымдастыра қалап қойыпты, бұл желдің көтеріп әкетуінен, жаңбырдың ағуынан сақтайды. Ортада орналасқан ошақ тамак істеуге, сұық күндері жылынуға арнайы жасақталған. Жарты шенбер түрінде орналасқан ауылға күніге бірнеше отбасыдан келіп, қосылып жатты. Жаңадан келгендеге жабыла күрке тұрғызып, жайғастырушы бұрынғылар ескі дәстүр бойынша ерулік беруге асығатын.

Маңайда су болмағандықтан ортадан бірлесе құдық қазылды. Алғашқысында су мол көрінгенмен, ол бірте-бірте азая берді, күзге қарай қанша терендеткенмен, құдық суалып кетті.

Ауылдан сәл әрірек тұста Кіші Кизакты аудан орталығымен байланыстыратын жол болатын, жолдың арғы бетінде жайқалған көк шабындық көсіліп жататын.

Жаз түгелдей осы жерде өтті, күз түсісімен бәріміз де ол жерден біржолата көтеріле көшіп кеттік. Жазда бірін-бірі жақын тар-
тып, үйренісіп қалған ауылдастар жайлы жер іздел, жан-жаққа өз беттерімен таасты. Бірнеше отбасы көрші Макушинск ауданы-
ның Сахалин аулына барып қосылған, бірақ мектептің болмауы-
нан, қыс болса келіп қалды, үйдің жетіспеуінен, ұзак тұракта-
қала алмады. Топ-тобымен үйірлескен отбасылар қысталап шығуға

орыс деревняларына кіре бастады. Біз алыстау орналасқан, мектебі бар Куприно деревнясына тоқтадық. Бізді үйіне қабылдаған қүйеусіз әйелдің екі баласы, шамасы шешесі болу керек, қартан тартқан қариясы болды. Евней үшінші сыныпқа көшті. Біз төрт терезелі жарық бөлмеде тұрдық. Менің көз алдында сол үйдің бейнесі қаз-қалпында сақталған: төбедегі баспаққа қағылған шегеге жінішке жылтыр сым орамы ілініп тұруши еді, оның бір ұзын ширатылып оралған. Әкем ол жайлы сұрап білгенімде «қоян аулауга арналған тұзак» дегені бар. Мен, дегенмен, мұндай сыммен қоянды қалай аулауға болатындығын түсіне алмадым. Менің балалық түсінігімше қоян алдыңғы жінішке аяғымен орамды серіппеге түсіп қалуға тиісті. Бірақ ол оған қалайша енеді? Осы сұрақпен ойланып жатып қалғып кетем, оянғаннан кейін күні бойы осы оймен жүруші едім. Евней күндердің күнінде әлгі әкем айтқанды басқа сыммен тұзак жасап көрсетті.

Бір жолы түн ішінде терезе қағылып, үйге шашы, сақал-мұрты есіп кеткен ер адам кірді. Ол түнеп шықты, таңертен біз тұрғанда кетіп қалған екен. Кейіннен ол бұл үйге келуді жиілетті. Бұл адам бізді қабылдаған әйелдің күйеуі, яғни үй иесі болып шықты. Оның қылмысты топпен байланыста болып, қашып жүргендігін білдік. Осыны ести сала әке-шешеміз басқа үйге ауысады ойластырды. Бірақ оған ұлгермедік, тоналып қалғанымызды кеш байқадық. Үй тар болғандықтан, біздің заттарымыз кіре берістегі қорада жинаулы тұратын. Солардың ішіндегі бағалы бүйымдардың бәрі үрланған. Ұры төбені ашып, барлық затты сол тесіктен шығарған сияқты жалған пікір ойластырмақшы болған. Әкеміз заттардың есіктен шығарылғандығын, оны үй иесінің жасағанын анықтады.

Осы оқиғадан кейін әкем бұрынғыдан жайсыздау болса да басқа үйге көшуді үйғарды. Бұрынғы үй мектепке жақын еді, Евней сабактан шыққаннан кейін өзіне тиісетін балалардан жылдам қашып келіп үлгеретін. Кейінгі үй ауыл шетінде болғаннан соң, үлкөндер оны апарып салып, алып қайтып жүрді. Көп ұзамай Евней осы маңайда тұратын Васямен достасып кетті, ол бізге келіп тұрды, ол екеуі сабакқа бірге дайындалып, бірге ойнайтын. Экешешеміз бұл көгілдір көз сары баланы жақсы көріп кетті, ол Евнейді қорғап, көрші көшениң балаларына тиіскізбейтін болды. Қыс ортасында бізді тағы да торап кетті, соңғы іліп алар заттарымыз жоғалды, киімнен жүрдай болдық. Бұл жолы үрлықшыны дәл басып айта алмадық. Оның үстіне Евней сол күні мектептен жылап

оралды, бұрын мұндай болмаған еді, не біреумен төбелескен, не көре алмаушылар оны қорлап, жәбірлеген.

Әке-шешем одан әрі шыдамады, Сахалинге, өз жерлестерімізге қайтып оралдық. Отбасының біреуінің үстіне кіргендіктен, тар үйде, екі қатарлы сәкіде тұруға тұра келді. Евнейдің мектепке бармай қалғандығына әкем өте қатты қиналды, тұтас бір жылда көп сабакты білмей кететіндігін уайымдады. Евней болса барлығын да қысп жететіндігін, бір жылда екі сынып бітіретіндігін айттып, әке көнілін жұбататын.

Көктем шыға егін салу науқаны басталды, барлық ер адамдар күні бойы егістікте, әйелдер тұқым тазалаумен айналысты. Біз үйде әжемізben қалдық. Таңертең баракта қалғандарды бейтаныс дырыл аяғынан тік тұрғызды, үйықтап жатқандардың өзі атып-атып тұрып, у-шумен қоса далаға жүгірді. Шағын поселканың барлық халқы көшеге шығып, «аэроплан, аэроплан!» деп айқайлап, аспанға қарап қалыпты. Аспаннан менің көргенім — біздікіндей кәдімгі арба ауылдан сәл әріде, егістік үстінде ұшып жүр екен. Ол екі-үш айналым жасап, біздің үстімізден кетті де, тұқым өндеп жатқан жерге барып қонды.

Аяғы бардың барлығы сол бағытқа қарай тұра ұмтылды, біз Евней екеуміз де елден қалмауға тырыстық. Ол мені қолымнан ұстал алыш, үнемі сүйрете тартып отырды. Жетіп келіп жанынан қарасақ, ол арбаға дәңгелегі болғанмен тілтен ұқсамайтын, біз көрмеген бір белгісіз құрылым болып шықты. Бұл қазіргі АН-2 машинасының ескі түрі, екі қанатты қарапайым аэроплан болатын. Ұшқыштың үсті-басы бәрі жылтыраған, кимі таза былғары, мандайында жоғары көтеріп қойған көзілдірігі болатын. Мен қазір барлық затты өз атымен атап отырмын, ол кезде мұның бәрі біз үшін түске де енбес жұмбақ көрінді.

Ұшқыш жиналыш қалған көпшілікке тіл табыспақ ниетпен таялмақшы болды, сол кезде біршама адам кейін серпіліп, алыстан қарауды дұрыс санады. Евней осы уақытта артымыздан жеткен әжеме мені қалдырып, ұшқышқа емін-еркін таялды, онымен сейлесе.. бастады, аэропланды қолымен көрсетіп, бірденелерді сұрастырып жатқан сияқты. Бұл кезде жұмыскерлер аэропланға қаппен зат тиеп жатты. Ол ауадан сеуіп көруге даярланған бидай тұқымы болып шықты. Жүк тиеліп болған соң, ұшқыш ұшағына қарай беттеді, Евней болса онымен жүре сейлесіп, қалар емес. Ұшқыш Евнейді көтеріп, кабинаға отырғыза бергенде, ел-жүрт шулап қоя берді, оның өміріне нұқсан келеріне қорықты. Деген-

мен, Евней өз қалауымен аэропланға мініп кетті. Кейіннен ол бұл жайлы үйде де, құрбыларының ортасында да айтып жүрді, жердің биқтен қандай болып көрінетіндігі, үйлер мен басқа құрылыштардың алақанда тұрғандай анықтығы бәрімізді қызықтырмай қоймады.

Егін себу науқаны аяқталды. Осы поселкада тұрған елдің бәрі артынып-тартынып жүріп кетісті. Ұлken көлдің жағалауына келип тоқтаған ұлken тобыр кешке қарай ебіл-дебіл жайғасып, түнеп шықты. Таң қылаң берісімен жаппай үйреншікті болып кеткен сабан құркелерді құруға кірісіп кеттік. Бірнеше күннің төңірегінде ауыл жайылып сала берді. Қоныстанған жеріміз шаруаға ынғайлы, әсіресе бала-шағаға ерекше жайлы болып шықты, жүгірге, шомылып ойнауға да жер жетіп артылды. Жаз түсісімен балалар арам шөп жұлуға жұмсалды, оларға бұл табыс көзіне айналды. Таңертең біздерді жинап, «тәжірибелік алаңға» алып келетін де, әркімнің өзіне дән сепкіш машина еніндей бірнеше қатарды бөліп беретін. Түскі асымызды сол жерде жеп, кешкісін үйге асыға қайтатынбыз. Онымыз істеген еңбегімізге қарай тапқан табысымызды, кімде бүтін, кімде жарты бөлке нанымызды көрсетіп, есейгендігімізді мақтаныш тұтуға асыққандық болса керек. Бөлке дөңгелек, көтеріліп піскен болушы еді. Алғашқы күні-ак Евней бүтін, мен жарты бөлке табыс таптық, оған әжеміз бізден бетер шексіз қуанышқа кенелді. Өзінің ұлken ұлын, біздің әкемізді өзіндік жіңішке күміс даусымен айқайлада шақырды: «Арыстан, өй Арыстан, мында келші, қараши, менің құлыншактарым үйдің асыраушысы болды», — деді де, жарты бөлкені бірнеше бөлікке тең бөліп, көршілес құркелерге таратты, ұлкендерді үйге шақырып, дәм татқызды, балаларының аман-сау болуына тілек етті.

Ұлken көлдің жағасына, бергі жакқа отызға тарта отбасы аусынан келді, олардың ересек ер-азаматтары түгел «тәжірибелік алаңға» жұмысқа қабылданды. Бұл — Макушинск астық совхозының бөлімшесі еді. Ауылға бірде жайдак тоқымданған, бірде қара сұр былғары солдат ертоқымды ірі, семіртілген атқа мініп басқарма Пузанков (Позыкан) келіп тұрды. Ол біздің үйге жиі түсетін, исі жұпар анқыған қымыз ішіп кететін. Біздің шешеміз осы бір дәмді ұлттық сусынды шебер дайындастын, сірә, басқарма таңдалаң ішетін болса керек.

Бұл кездерде елдің шаруасы оңалып қалған, сауын сиыр, бие, бір-екіден әркімде құрала бастады. Қой мен ешкіні ұстауға ешкім талаптанбады, себебі көшпелі өмір салтына онша онтайлы болмаған сияқты. Жаздың мамыражай кештерінде жастар ауыл ортасына жиналып, үлттық ойын «алтыбақанды» құрып қойды. Мен сияқты ұсақ балалар оның маңайында айнала жүгіріп, қуыспақ ойнайтын едік. Көңілі жабырқап, құлазыған халық көңілі көтеріле бастады. Ел ішінен суырып салма ақындар шығып, айтыс үйымдастырылды, қазақша құрес, бәйге алу сияқты үлттық ойындар дәл қазіргідей болмағанмен біршама тарады.

Осы жазда Челябинскіден бізге әжеміздің туған-туысқандары — Шери көкем әйелімен және үш үйленбекен немере інілері келді. Барлығы да біздерден бөлекше, сәнді киінген. Бізді қызықтырғаны — олардың оң және сол жақ өнірлеріндегі түрлі белгілер. Евней олардың әрқайсысын мұқият қарап, оқып шықты да, барлығымызды жинап алыш, мағынасын түсіндірді. Басқа «ГТО», «МОПР» белгілеріне қарағанда бізге «Ворошиловский стрелок» көбірек ұнады. Шалбардың алды мен артының пышак қырындей болуы ерекше таңдандырды. Келгендердің етігінің жүргендесықырлауына қарап, бізге олар әжептөүір бастықтар сияқты болыш көрінді. Кейіннен білсек, олар металлургия зауытының жұмысшылары екен. Сол тұста ауылдастарымызға Златоустан, Ирбиттан, Екатеринбургтен туыстары келіп, ауылдан оларға бірнеше жастар ере кеткен. Көпшілігі сол жерде тұрақты тұрып қалды, олардың ұрпақтары әлі де сонда тұрып жатыр.

Мектепке баратын уақыт та таялып қалды. Әкем Евнейді алыш, нағашыларды іздең кетті. Жалғыз қайтып оралған әкем Евнейді үлкен ұлы Қасыммен тұратын атам қолына қалдырып кетіпті. Олар Солтүстік Қазақстан облысындағы Чаглинск совхозында тұратын. Қасым көке қазіргіше совхоз парткомының хатшысы болды, бұрын қалай аталғанын білмеймін. Атам мен әжем Евней жиеніне жанын беретін. Евней үшінші сыныпқа барды. Қыс түсінде Қасым көкенің қызмет бабымен басқа жаққа аудисатындығына байланысты көшетіндігін естідік. Әкем Евнейді алыш келді де, Петропавлға апарып, сонда тұрып жатқан таныс жерлесінің үйіне орналастырып қайтты. Азық-түлік әкеліп беруге кеткен әкем біршама уақыт қандай да бір себептермен кешігіп барғанда ұлын танымай қала жаздайды: Евней азып-тозған, үстібасы кірлемп кеткен, ауруға шалдыққан. Евнейде ешкімнің шаруасы болмаған. Бұл — совхоздың келіп-кетіп тұратын жатак үйі,

сондықтан кіріп-шығушы елде толас жоқ, үй иелерінің жұмыстан қолы босамайды, кезекте тұруға көп уақыт кеткен.

Әкем мектепке барып, Евнейдің мұғаліміне жолығады. Оның айтудынша, барлық сабақтан үлгеріп, зеректігімен, тырысуышылығымен көзге түскен Евней мектепке жуынбай, кір киіммен келіп, үнемі сабак үстінде қалғып-шүлғып отырады екен. Сөйтсе, ол күнтүн демей ағылып келіп жатқан қонақтардың барлығы жатпайынша үйдегі тауға мүмкіндігі болмаған, орын жетпей жатса, табалдырыққа жата салады, төсектен ештеңе еншісіне тимей жатқандықтан, киіп жүрген киіммен жатып, тұратын болған, таңертен шала жуынып, ашөзекпен мектепке барып жүрген.

Басқа ешқандай таныс адам болмаған соң, әкем осының барлығын көріп, біліп жаны ауырып, оны үйге алғып кетпекші болады. Евней тағы бір жыл жоғалтып алмау үшін қайтқысы келмейді, әрі қарай оқи беруге әкемді көндіруге тырысады. Ұлының бетінен қайтпайтынын сезген әкем сәл кідіріп, басқа тұрақ іздеуге шығып, сабылады. Сандалыска түскен әкем құдамыз Сұлтанғазының осы қалада тұратынын кездейсоқ біледі. Ол тәтемнің — әкемнің қарындасты Даляпраздың қайнысы болып келеді (Евней кіші қызының атын соның құрметіне қойған). Осы отбасына келген Евнейдің тұрмысы одан әрі сәтті жалғасты. Үй иелері жақсы адамдар болып шықты, олардың балалары болмады, мүмкін содан шығар, олар Евнейді өз баласынан кем көрмей күтті, бұл оның өміріне жаңа серпін берді.

Сол жылы біз «Красноармейский» совхозының мал иіретін қыстағына қыстап шықтық. Сол жерде Ұлы Отан соғысы кезеңінде бүкіл аймақты тұзбен жабдықтаған «Менгесер» тұзды көлінің болғандығы есімде. Біздің отбасының ұлкендері бір отар қойды күтіп, бақты. Жанымыздағы басқа екі отбасының біреуінің қожайыны Үкімет аға бригадир болатын.

Қоңыр күздің аяғына таман Үбырай аға өз отбасымен елге қайтты, бізбен Маутай аға, екі отбасы бірлесіп жертөлөгө орналастық. Ішіп-жем жеткілікті мол болды, шешем дәмді, түрлі тағамдар дайындаушы еді. Әкем бағып жүрген қойынан бөлек қоян аулауға да шығып тұрды, жаңа қоян етін біздер жиі тататын болдық. Бір күні әкей кезекті жорықтан қажып, құр сұлдері оралды. Қояндардың қыстығуні оппа қарға жол салып таптап, бәрі соның бойымен жүгіретіні белгілі. Әкем соның өнене бойына белгілі бір ара қашықтық сала отырып, бірнеше тұзак құрып кетеді. Қоянның ізін қуалай жорытқан қасқыр барлық тұзакты үзіп,

өзімен бірге ала кеткен. Ал тұзак құруға қажетті сымның оңайлықпен табыла қоймайтындығын білетінбіз.

Біз — мен және Жүкен атты менің құрбыласым екеуміз қыс бойы далада, отар ішінде ойнадық. Отарда ешкілер де болды, солардың ішіндегі ірісі, мүйізі қарағайдай қайқы қара текені мініске үйретіп алыш, үнемі үстінен түспейтін болдық.

Евнейге ешкім бара алмады, кейде одан жақсы хат-хабар алыш түрдік, оған біздің қыстақтағы жалғыз сауаттылау адам — Маутай аға ғана жауап жазатын. Жаз шыға Евней үйге Сұлтанғазыны әйелімен бірге ертіп ала келді. Үшеуі де жап-жақсы киініп алышты. Евнейдің үстінде үтіктелген қара-көк костюм, шалбарының өткен жазда Челябинск қаласынан келіп кеткен туыстардікіндей қыры тұрғызылған. Қалпағы костюм түсіне лайық, ақшаңқан көйлегіне қызыл галстугы жылтыр қыстырмамен бекітілген. Қыстақтағылар далаға бәрі бірдей жүгіріп шықты да қарсы алуға үмтүлды, солармен бірге болған мен есейіп кеткен, сықып киінген ағамды көріп, таңырқап, сасып қалдым. Оған жетіп келіп, басқа туыстар сияқты құшақтасудың орнына мен құлап жатқан темір бөшкеге зып беріп кіріп кеттім. Соның ішінен оны, еріп келгендерді басқалардың қалайша аймалап жатқанын сығалай қарап тұрдым. Тек содан кейін Евнейдің өзі жүгіріп келіп, бөшкеден суырып алғанда сүйісе кеттім, біз қуаныштан жылап жібердік, үзак уақыт көріспегендіктен қатты сағынысып қалыптыз.

Бұл қыста ол есейіп, салмақты бола түскен. Оның барлық оқулықтарын, дәптерін, үшінші сыныпты аяқтағандығы жайлы куәлікті қарап шыққан Маутай аға бәрімізге ол қол жеткізген жетістік, табыстарды түгел тізіп айтып шықты. Тындағандардың барлығы риза болып қалды. Әжем мен әкем бір мезгілде «айналайын!» деп толқып кетті.

Қонаққа келген жаңа туыстар біздің үйде әжептәуір уақыт болды. Олар Евнейдің табандылықпен көп өкітіндығын, оқығанын айтып бере алатынын, үшінші сыныпты «үздікке» бітіргенін айтып берді.

Қонақтар кетісімен, Маутай аға жерлестердің бірімен елге қайтып кетті, ол әжемді ала кетіп, Ыбырай ағаның отбасына барып қосылды. Біз де былтыр жазда жайлаған жерлестерімізben қосылған жерге келдік. Көлдің сол бұрынғы жағалауына орналастық. Былтыр тастап кеткен күркелер көп зақымдана қоймаған, аздаған жендеу жұмыстарын жүргізіп, ондал алдық. Өткен жылдың жазындағыдай асыр салыш, бұл жаздың да қалай өткенін